

Заңды тұлғалардың түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, өңдеу және сату жөніндегі қызметін лицензиялаудың Тәртібін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 29 қыркүйек N 969. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.03.13. N 383 қаулысымен. ~P000383

"Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2200 Z952200_ Заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 37-құжат) сәйкес және қара және түсті металдардың сынықтары мен қалдықтарын ұрлау, халық шаруашылығы салаларында жабдықтарды бөлшектеп алу фактілерін болғызбау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Заңды тұлғалардың түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, өңдеу және сату жөніндегі қызметін лицензиялаудың қоса беріліп отырған Тәртібі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Мемлекеттік кіріс министрлігінің Салық полициясы комитетімен бірлесе отырып, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетімен және прокуратура органдарымен келісе отырып, жабдықтарды бөлшектеп алу, қара және түсті металдарды ұрлау фактілерін ашу жөнінде шаралар қабылдасын және кінәлілерді заңдарда белгіленген жауапқа тартатын болсын. <*>

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.07.05. N 924 қаулысымен. P990924_

3. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі Ішкі істер министрлігімен бірлесе отырып бір ай мерзім ішінде "Электр энергиясы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 25 желтоқсандағы N 2725 U952725_ Заң күші бар Жарлығының (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 166-құжат) 20-бабына сәйкес ұлттық және мемлекетаралық мақсаттағы электр беру желілерін әскерилендірілген күзеттің арнайы қызметін құру туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс енгізісін.

4. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда

министрлігі Әділет министрлігімен бірлесе отырып екі апта мерзім

ішінде Үкіметтің бұрын қабылданған шешімдерін осы қаулыға сәйкес келтіру туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс енгізсін.

5. Осы қаулы қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1998 жылғы 29 қыркүйектегі

№ 969 қаулысымен

бекітілген

Түсті және металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, өңдеу және сату жөніндегі қызметті лицензиялаудың тәртібі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже заңды тұлғаларға әскери және ғарыштық тұрғыдағы сынықтар мен қалдықтарды қоспағанда, түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, өңдеу және сату жөніндегі қызметке лицензиялар (бұдан әрі - Лицензия) берудің тәртібі мен шарттарын белгілейді.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, өңдеу және сату саласындағы заңды тұлғалардың қызметін лицензиялау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі - Лицензиар) болып табылады.

2. Лицензия берудің тәртібі мен шарттары

3. Лицензия заңды тұлғаларға (бұдан әрі - Лицензиат) "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі № 2200 Заң күші бар Жарлығына (бұдан әрі - Жарлық) сәйкес беріледі.

4. Лицензия бір данада ресімделеді.

5. Лицензия қатаң есеп беру құжаты болып табылады және Лицензиатта сақталады.

6. Лицензия алу үшін өтініш беруші Лицензиарға Жарлықтың 16-бабында көзделген құжаттарды ұсынады. <*>

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.07.05. N 924 қаулысымен. P990924_

7. Өтініш берушінің Лицензия алу үшін беретін өтінішін Лицензиар барлық қажетті құжаттар болғанда ол берілген сәтте Лицензиар міндетті түрде тіркеуі тиіс. <*>

ЕСКЕРТУ. 7-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.07.05. N 924 қаулысымен. P990924_

8. Өтініш беруші Лицензия алу үшін Лицензиарға ұсынылатын құжаттардағы мәліметтердің сенімділігі мен толықтығы үшін жауап береді. <*>

ЕСКЕРТУ. 8-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.07.05. N 924 қаулысымен. P990924_

9. Лицензиат табыс еткен құжаттарды қосымша тексеру қажет болғанда, Лицензия беру туралы шешім оны тексеру жүргізілгеннен кейін, бірақ Лицензиар өтінішті тіркеген күннен бастап 30 күннен, ал шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін 10 күннен кешіктірмей шығарылады.

10. Лицензияны беруден бас тарту, оның қолданылуын тоқтату, кері қайтарып алу мен күшін тоқтата тұру Жарлыққа сәйкес жүзеге асырылады.

11. Түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, өңдеу және сату жөніндегі қызметпен айналысу құқығына лицензия біліктілік деңгейі қызметтің осы түрлері үшін белгіленген талаптарға сәйкес келетін Лицензиатқа беріледі.

12. Кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу алымның мөлшері, оны төлеудің тәртібі Қазақстан Республикасының салық заңдарында белгіленеді.

13. Заңды тұлға қайта тіркелгенде, сондай-ақ мекен-жайын, банктік және басқа да деректемелерін өзгерткенде, Лицензиат бұл туралы Лицензиарға он күн мерзім ішінде хабарлауы тиіс.

14. Лицензиялық тәртіп белгіленген қызметті лицензиясыз жүзеге асырудан түскен кіріс заңдарда белгіленген жағдайларда тиісті бюджетке алынуға жатады.

3. Лицензиаттың құқықтары мен міндеттері

15. Лицензиат:

- 1) лицензияда көзделген қызметті жүзеге асыруға;
- 2) алынған кірістерді өз қалауы бойынша пайдалануға;

3) лицензияның қолданылуын тоқтата тұру, тоқтату немесе кері қайтарып алу мәселесі жөніндегі барлық материалдармен танысуға құқылы.

16. Лицензиат:

1) белгіленген тәртіппен бекітілген стандарттарды (ережелер мен нормаларды) сақтауды; түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтары қозғалысының есебін Лицензиар бекіткен Тәртіпке сәйкес жүргізуді; <*>

2) түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау

(дайындау), сақтау, өңдеу және сату жөніндегі Лицензиармен бекітілген талаптардың қатаң орындалуын;

<*>

3) жұмыстардың қызметкерлер мен тұрғындар үшін қауіпсіз жүргізілуін;

4) кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін алымның уақытылы және дұрыс енгізілуін қамтамасыз етуге міндетті.

ЕСКЕРТУ. 16-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.07.05. N 924 қаулысымен.

P990924_

ЕСКЕРТУ. 16-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.01.06. N 23 қаулысымен.

P000023_

4. Лицензияда көзделген жұмыстар мен қызметтердің тізбесі

17. Лицензияда көзделген жұмыстар мен қызметтердің тізбесіне мыналар кіреді:

1) түсті және (немесе) қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау - металл сынықтарын жинауды ұйымдастыру;

лицензиаттарға жеке тұлғалардан түсті металдардың қорғасын аккумуляторларының сынықтары мен қалдықтарынан басқа, сынықтары мен

қалдықтарын қабылдауға тыйым салу. <*>

2) түсті және (немесе) қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын дайындау - заңды және жеке тұлғалардан металдардың сынықтары мен қалдықтарын қабылдау үшін дайындау пункттерін ұйымдастыру;

3) түсті және (немесе) қара металдардың сынықтары мен

қалдықтарын сақтау;

4) түсті және (немесе) қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын өңдеу - бөлу, сұрыптау, брикеттерге айналдыру, пакеттерге салу, технологиялық ұқсатулар және тағы басқалар;

5) түсті және (немесе) қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын сату;

6) жеке тұлғалардың қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын дайындау.

<*>

ЕСКЕРТУ. 17-тармақтың 1)-тармақшасы жаңа абзацпен толықтырылды - ҚРҰ-нің 1999.02.05. N 98 қаулысымен.

P990098_

ЕСКЕРТУ. 17-тармақ толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2000.01.06. N 23 қаулысымен.

P000023_

18. Қызметтің аталған түрлерінің әрқайсысы бойынша жеке лицензия берілуі мүмкін.

5. Біліктілік талаптары

19. Лицензиаттың құрылтай құжаттарында түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, өңдеу және сатумен байланысты қызметті жүзеге асыруға шектеулер болмауға тиіс.

20. Түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау, (дайындау), сақтау, өңдеу және сату жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия

алуға талап білдіретін заңды тұлғаларда мыналар болуға тиіс:

1) 1639-93 ГОСТ "Түсті металдар мен қорытпалардың сынықтары мен қалдықтары", 2787-75 ГОСТ "Қайталама қара металдар" талаптарына сәйкес жабдықталған, түсті және қара металдарды жинауға арналған арнайы алаң және меншік құқығындағы тиесілі өндірістік база (мемлекеттен ұзақ мерзімдік жалға алу құқығында жер учаскесіне иелік етуге рұқсат етіледі). Алаң қоршалуы, күзетілуі тиіс және мөлшерлері мынадай болуы қажет: <*>

түсті металдардың сынықтарымен және қалдықтарымен жұмыс істеу үшін кемінде 400 шаршы метр;

қара металдардың сынықтарымен және қалдықтарымен жұмыс істеу үшін кемінде 2500 шаршы метр.

Түсті металдардың қалдықтары мен сынықтарын жинайтын және өңдейтін орын асфальтталуы, ал қара металдар үшін - қатты төсенішпен (қиыршық тас, тығыздалған топырақ және т.б.) жабылуы тиіс.

Алаң автокөлік үшін кіріс жолдарымен, ал қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау мен сақтау үшін - кіріс темір жолдарымен (тұйық) камтамасыз етілуі тиіс; <*>

2) тиісті жабдықпен жарақтандырылған өлшеу шаруашылығы;

3) металл сынықтары мен қалдықтарын жинау дайындау, сақтау, өңдеу және сату мәселелеріне қатысты ГОСТ-тар мен нұсқаулықтардың талаптарын орындауға қабілетті оқытылған қызметкерлер;

4) контейнерлер, қақпақтары, бөлек орындары және т.с.с. бар металл жинағыштар, алаңды түсті металдар мен қорытпалардың сынықтары мен қалдықтарының топтары, түрлері, маркалары мен сорттары бойынша жеке сақтау үшін 1639-93 ГОСТ-қа сәйкес жарақтандыру; <*>

5) түсті металл сынықтары мен қалдықтарын сақтауға арналған, жауын-шашын мен ылғалдың тиюіне жол бермейтін жабық қора жайлар, немесе шатырлар, сондай-ақ радиацияны өлшеуге арналған жабдық;

6) сынықтар мен қалдықтарды металдардың атаулары, сыныптары, топтары, маркалары мен сорттары бойынша сұрыптау және буып-түю үшін жабдықтары мен аспаптары бар арнайы алаң;

7) қара және түсті металдардың сынықтары мен қалдықтарын сақтауға арналған өрт қауіпсіздігі талаптарына (ГОСТ 12.1.004-76) жауап беретін және өрт сөндіру мен дабыл беру құралдарымен жарақтандырылған қора-жайлар мен қоймалар;

түсті металдардың жарылу қаупі бар сынықтарын сақтауға арналған, жарылу қауіпсіздігінің талаптарына (12.1.010-76 ГОСТ) жауап беретін және өрт сөндіру мен дабыл беру құралдарымен жарақтандырылған қоймалар мен үй-жайлар. <*>

8) Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда

министрлігімен бекітілген түсті және қара металдарды жинау (дайындау), сақтау және қайта өңдеу жөніндегі нұсқаулықтар; <*>

9) лицензия алу үшін санитарлық және экологиялық қадағалау органдарының қорытындысы сақтауға және/немесе өңдеуге;

ЖШТ (245-71-СН) жобасы бойынша мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысы, ұқсатылған металдарды қайта өңдеу жөніндегі цехтың жұмыс жобасы, балқыту пешіне арналған техникалық құжаттама, мемстандарттың тексеру актісі, шығарылатын өнімге арналған тауарлық белгі. <*>

10) облыстардың Алматы және Астана қалаларының - лицензиат қызметін жүзеге асыратын аймақтың әкімшіліктерінің лицензия беру туралы өтініші және бюджет алдында берешегінің жоқ екені туралы ақпараты бар лицензиар бекіткен нысан бойынша өтінім. <*>

ЕСКЕРТУ. 20-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.07.05. N 924
қаулысымен. P990924_

ЕСКЕРТУ. 20-тармақ толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2000.01.06. N 23
қаулысымен. P000023_

21. Түсті және қара металдардың сынықтары (тұтынуда болған рельстер, темір жол төсенішінің және жылжымалы құрамның элементтері) мен қалдықтарын сату құқығына рұқсат алу үшін Лицензиат осы Тәртіптің 20-тармағында көрсетілген талаптарды сақтауға қоса Лицензиарға: <*>

1) дайындалған металл сынықтарының шығу тегін растайтын құжаттаманы;

Түсті (электротехникалық тектегі), қара сынықтарды (тұтынуда болған рельстерді, темір жол төсеніштерін, жылжымалы құрамның элементтерін) тапсыруға, тізбесін тиісті министрліктер бекітетін, көрсетілген салалардағы мамандандырылған ұйымдардың құқығы бар.

2) металл сынықтарының жиналғаны (дайындалғаны), өңделгені

туралы Лицензиар бекіткен нысанда есепті ұсынады.

<*>

3) рұқсат беру Лицензиар бекіткен Регламент бойынша жүзеге асырылады; рұқсатты алуға берілген өтінішті қарау мерзімі 30 күннен аспайды; түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын республикадан тысқары сатуға арналған лицензияның қолданылу мерзімі алты айдан аспайды.

<*>

ЕСКЕРТУ. 21-тармақ өзгерді және толықтырылды - ҚР Үкіметінің
1999.07.05. N 924 қаулысымен.

P990924_

ЕСКЕРТУ. 21-тармақ өзгерді және толықтырылды - ҚР Үкіметінің
2000.01.06. N 23 қаулысымен.

P000023_

6. Лицензияны кері қайтарып алу және оның
қолданылуын тоқтату тұру

22. Лицензия Жарлықтың 22-бабында көзделген жағдайлар мен
тәртіпте кері қайтарылуы мүмкін.

23. Лицензиар тоқтата тұрудың себептерін көрсете отырып,
лицензияның қолданылуын тоқтата тұруға құқылы.

7. Лицензияда белгіленген шарттардың
орындалуына бақылау жасау

24. Лицензиялық шарттардың орындалуына бақылауды Лицензиар
жүзеге асырады.